

ЖАРКЕНТ

Айнасы

№20 (22), 31 қазан, бейсенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



АСАУҒА ТҰСАУ

Бәсіресіне тай алған соң түгендеп,
Міне, мынау, атам берген жүген деп.
Қиғылық сап жылқы ішінде бала жүр,
Атасына ұстап бер деп, мінем деп.

Тізгін тартып, ұрымтал бір тұсқа кеп,
Күбір етті «үркітпегін», «қыспа» деп.
Иек қақты жылқышыға анау бір,
Шетте тұрған Керқұланы ұста деп.

Құла тайда қиыстайды, үркектеп,
Саяқ шығып, сыртқы қарап тұр шеттеп.
Құрық сүйреп, қуар болса жылқышы,
Көсіліп бір зырлайтынын көрсетпек.

Шалмашыдан қулық, айла асқан ба,
Қыл арқанды шиыра атып аспанға.
Лып түсіріп Керқұланың мойнына,
Шумақ ұшын ұстап қалды қос қолда.

Қапелімде не болғанын білмеген,
Сал аттыны қамсыз көзге ілмеген.
Бұлқынса да босанбаққа шапшылап,
Қыл арқаннан құтылмады көлбеген.

Жылқышы ақыр дегеніне көндірді,
Ауыздықты езуіне ендірді.
Ертоқымды қос тартпалап Құлаға,
Басып тұрып бозбаланы міндірді.

Еркін өскен даланың тағысындай,
Зымырады жұлдыздай ағысын-ай.
Тоқтап қалып тулайды құтылмаққа,
«Пәледен» жалға отырған жабысып-ай.

Бозбала өз ісіне кәнігі еді,
Тарпаң мінсе таралып, желігеді.
Шу асауды үйретіп, бас білдіріп,
Сан жүйріктің көбігін алып еді.

Қырға тартты, қояндай зымырады,
Құлдилады, ойпаңға құлдырады.
Сай мен сала ілеспей қалып жатты,
Алға оздыртып, шапшы деп Керқұланы.

Мытыңқырап жіберді тақым басып,
Заулады Керқұла да қырдан асып.
Әп-сәтте көзден ұшып, ғайып болды,
Ақша бұлтқа жөңкіген араласып.

Мықтының тақымына іліккесін,
Қалайша жын қуғандай үрікпесін.
Ет пісірім уақытта жігіт келді,
Шығарып Керқұланың сілікпесін.

Қазағым көп тылсымның тілін білген,
Түсіріп көктен қыран білекке ілген.
Ит көндірген адамға сөз емес қой,
Үйреткен асауларды жерде жүрген.

Молот СОЛТАНАЕВ

«ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫН ҰРПАҚТАР ЖАДЫНДА ОРНЫҚТЫРУДЫ ҚАЛАЙМЫЗ»



19-қазан күні Талдықорған атшабарында Орбұлақ шайқасының тарихи қойылымы сахналанды. Бұл - Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Алтын Орданың 750 жылдығына арналып ұйымдастырылды. Бұл қойылымды тамашалауға облыс әкімі Амандық Баталов арнайы келді.

Орбұлақ шайқасы - қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиғалардың бірі. Бұл шайқас 1643 жылдың жазында Қазақ ханы Жәңгір Хан мен жоңғар қолын басқарған Батыр Қонтайшы арасында өтті.

Ашық алаңда өткен тарихи қойылымды сахналауға 1500 ге жуық адам тартылған. Қойылымда жауынгерлердің ұрыс тактикалары мен айлакерлік әдістері көрініс тапқан. Сонымен қатар, актерлардың шынайы образы мен каскадерлық жұмыстардың шеберлігі қойылымның мазмұнын аша түседі.

Ал, облыс әкімі Амандық Баталовтың айтуынша, мұндай жобалар бабаларымыздың ерлігі мен батырлығын көрсетумен қатар, жастарды елжандылыққа тәрбиелейді.



Амандық Баталов, Алматы облысының әкімі:

– Орбұлақ шайқасының тарихи қойылымы біздің облысымызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында осымен екінші мәрте өткізіліп отыр. Бұл – бабаларымыздың ерлігі мен батырлығын көрсетумен қатар, жастарды елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталған теңдессіз жоба. Ұлы Дала ұлы тұлғаларды дүниеге әкелді, олардың есімдері мен ерліктерін кейінгі ұрпақ біліп жүруі шарт. Өйткені өткенді білмей, болашақты бағдарлау мүмкін емес. Сіздер Бородино шайқасы жайлы да жақсы білесіздер, Мәскеуде жыл сайын оны тарихи жаңғырту дәстүрге айналған. Біз тарихи қойылым көрсету арқылы даңқты Орбұлақ шайқасын да ұрпақтар жадында орнықтыруды қалаймыз.

Одан бөлек, «Талдықорған» ипподромына жиналған көпшілік ыстық бауырсақ пен қымыздан дәм татып, қолөнер шеберлерінің көрмесін тамашалады. Көрме барысында, киізден, теріден, күмістен жасалған бұйымдар сатылымға қойылған.

Және бірнеше ұлттық спорт ойындары ел назарына ұсынылды. Көпшілік қауым қазақша күрес пен көкпар ойындарын тамашалып, Орбұлақ шайқасы кезеңіндегі сауыт-сайман, қару-жарақ асынған батырлармен суретке түсті.

Ал, Қазақша күресте Қызылорда облысынан келген палуан Ерғали Еламан үздік шығып, жаңа «Лада Гранта» автокөлігіне ие болды. Сонымен қатар, заманауи өнер сүйер қауым үшін этностильдегі киім үлгілері көрсетілді. Ал, кішкентай көрермендер үшін аниматорлар мен балалар алаңдары жұмыс істеді.

Айта кетейік, Алматы облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаевтың айтуынша, бұл қойылымды сахналауға 61 миллион теңге жұмсалған.

Президент Қ. Тоқаев осыдан жеті жарым жыл бұрын қазақ даласында құрылып, әлемдік геосаясатқа әсер еткен, алып империя Алтын Орданың мерейтойын атап өту туралы ұсыныс айтқан болатын. Президенттің ұсынысын қолдаған облыс жұрты «Орбұлақ шайқасын» керемет қылып атап өтті.

БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2020 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексі – 65161.

«Жаркент айнасы» газетіне 1 жылға жазылу бағасы - 2823 теңге.

ЕҢБЕГІМЕН ЕР АТАНҒАН ӘПКЕМІЗ

Күләш Айтжанова әпкеміз Жаркент өңірінің Арқас тауының етегіндегі Шежін ауылында өмірге келген. Бір ғажабы осы шағын ғана елудей ғана отбасы тұратын Шежін ауылында елімізге белгілі біраз азаматтар дүние есігін ашқан. Олардың қатарында Қазақстанның тұңғыш қыл қалам шебері, сурет өнерінің алыбы атанған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбілхан ата Қастеев, сұрапыл Отан соғысының ардагері, әскери Даңқ ордендерінің кавалері Ахмет ата Сүлейменов, колхоз ісін ұйымдастыру өнерімен одақ көлемінде белгілі болған, үлкен бір ұжымды ширек ғасыр үлгілі басқарып, ауыл академигі атанған Ыбырайымжан аға Қожақметов, кеңес заманы ауыл шаруашылығының белгілі де бірегей майталманы, Социалистік Еңбек Ері Күләш әпке Айтжанова, кино өнерінің танымал маманы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Әбілтай аға Қастеев, сурет-бейнелеу өнерінің үздік маманы, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Самат Нұрсапаев және тағы да басқа елімізге белгілі азаматтар. Мен де осы бір қасиетті ауылда дүниеге келгенмін. Осыған орай осы бір аталған жайттарды мен әрқашан және әртүрлі шаралар мен кездесулерде мақтанышпен айтып жүремін. Сондықтан дүние жүзінің қай түкпірінде жүрсем де, қандай атақ-дәрежеге жетсем де менің ойымнан, көз алдымнан кетпейтін жұмыр жердің бір нүктесі бар. Ол – менің кіндік қаным тамған, туылған, өмірге келген, балалық шағымды өткізген ауылым – Шежін.

Тау бөктеріндегі табиғаты тамаша осынау шағын ауылдың қандай құдіреті барына әлі ешкім ой жүгіртіп, тұжырым түймеген шығар. Дегенмен өз басым шағын елді мекеннің жері мен суы, ауасы, жалпы аурасы жәй емес екеніне баяғыда көз жеткізгенмін. Бұл өңірден осыдан екі ғасыр бұрын бүкіл Суан тайпасының қолын бастап, қалмақ басқыншыларына қарсы тұрған Бағай Елшібекұлы шыққан. Бұл батырдың атын ауыз толтырып айғақтап айтуымның себебі жоқ емес. Бүкіл қазақтың басын біріктірген айбарлы Абылай ханның бас ақылманы Бұхар жыраудың өзі алты Алашқа айғақтап:

Бағайым аз Суаннан,
Бағай атқа қонғанда,



Бүкіл елі қуанған, - деп жыр арнауы зердесі бар жанға жай еместігін білдірсе керек.

Мен білім, ғылым жолында сыртта жүргендіктен Күләш әпкемен кезінде жақын араласа алмадым. Дегенмен еңбек демалысыма ауылыма ат басын бұрғанда, ата-анам Қожақмет пен Күлипа маған ауыл-аймақтың жаңалығын айтып, осы Күләш әпкемнің еңбектегі жетістіктерін арнайы айтып, болсаң ауылдас ағаларың мен әпкеңдей бол деген сыңай танытатын. Ауылдас ағайындар Елшібек бабамызға, Бағай батырға ас бергенде әпкемнің қолын ұстап, інілік ілтипатымды жасадым. Кейінгі жылдарда ауыл жаққа келсем көрісіп, сәлем беріп, хал-жағдайын біліп жүрдім. Арада сырқаттанғанда қолымнан келген көмегімді көрсеттім. Азаматтар арасында ауыл жайлы әңгіме қозғалса есімін мақтанышпен атап, көңілімді демдеп жүрмін.

Қазақстан ауыл шаруашылығында өзіндік тарихи еңбегі зор, еңбегіне ел сүйсінген, елімізге ғана емес, сырт елдерге де кең

танымал болған Күләш әпкем өзінің 80 жылдық мерейтойын халқының құрметті азаматы, жастардың ақылшы апалары, немерелерінің сүйікті әжелері атанған шағында қарсы алып отыр. Жаным жақсы көретін, есімі елге мақтаныш Күләш әпкемнің мерейтойы қарсаңында бір ауыз жылы лебізімді білдіргім келді. Жаны нәзік әйел азамат болса да, еңбектің қара нары атанған ер әпкеме ұзақ ғұмыр тілеймін!

Ертай СӘРСЕБЕКОВ,
медицина
ғылымдарының докторы,
профессор,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
Мемлекеттік Сыйлықтың
екі дүркін лауреаты,
Ұлттық Ғылым
Академиясының
құрметті академигі.



Беларусь елі Панфилов ауданы арқылы Қытайға өз тауарын шығармақ



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында Беларусь елінің тауарлары сатылатын арнайы сауда орталығы ашылды. Қазірдің өзінде бұл еркін экономикалық сауда аймағында 20-дан астам түрлі компаниялардың өнімдері қойылған.

Беларусь Республикасының Премьер-министрінің бірінші орынбасары Александр Турчиннің айтуынша жаңадан ашылған сауда павилоны арқылы Қытай нарығына қандай тауар керектігін зерттейміз. Егер біздің өнімдерге сұраныс артып жатса Алматы обысында Беларусь елінің өнімдерін өндіретін боламыз, - деді.

Беларусь Республикасы Қытай еліне өз өнімдерін мұхит арқылы бір айдан астам тасымалдаса, «Құрғақ порт» арқылы 15 күнге тасымалдау мүмкіндігі бар. Осы орайда, Облыс әкімі Амандық Баталов А. Турчинға «Nur Joly» және «Құрғақ порт» бекеттерінің жұмыстарын таныстырды. Айта кету керек, өткен жылы Қазақстан мен Беларусь арасында 1 млрд теңгеге сауда-саттық жасалынған.

ЕРЛІКKE ТАҒЗЫМ

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «М.Тынышпаев атындағы тарихи – өлкетану музейі» МКҚК филиалы, Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ музейінде» Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз Қожахмет Тышқанбаев атамиздың ұрпақтарымен кездесу кеші өтті.

Өткізген іс-шарамыздың негізгі мақсаты: қоғамға, өсіп келе жатқан жас жеткіншектерге Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыздың ерлігін өнеге ете отырып, жас ұрпақтың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Және де өзін қоршаған ортада жаман мен жақсыны ажыратып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіре білуге баулумен бірге, батырдың ерлігін үлгі тұтуға, Отанын қорғай білуге тәрбиелеумен қатар, қаһармандық, ерлік, патриоттық қасиеттерді барынша жан-жақты дәріптеу.

Кездесу кешіне Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Мәдениет ісінің үздігі», этнограф, Ә.Төреханұлы, Панфилов аудандық Нұр Отан ХДП-сы төрағасы Қ.Нүркешұлы, Ішкі саясат бөлімінің инспекторы Б.Тазабекова, Аудандық мәдениет және Тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, жазушы-журналист Нұрәділ Бегімбет және біршама зиялы қауым өкілдері мен №6 орта мектеп интернатының Э.Бурабаева жетекшілік ететін 7 сынып оқушылары қатысты.

Сондай-ақ, батыр Қожахмет Тышқанбаев атамиздың әулетінен тараған ұлдары – Төлеухан, Алмас, қыздары – Насиха, Бәтиха, Гүлнар, Сайлаухан, Жайлаухан, келіндері Райхан, Динара мен немерелері, шөберелері кешіміздің құрметті қонағы болды. Аудандық мәдениет үйінің әншілері Б.Оспанбеков пен М.Мүтәннің орындауларындағы «Қазағым – қыран елім», «Мен қазақтың ұлымын», «Бір ел болса» атты асқақтаған патриоттық әндері көпшіліктің көңіліне рух беріп, нақышына келтіріле орындалды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап қайсарлықпен жеттік. Ұлы Жеңіс он бес Одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы екендігі баршаңызға аян. Олжеңіс әрине, Қожахмет



Тышқанбаев сияқты батыр аталарымыздың қайталанбас ерлігінің арқасында келді. Кеңес Одағы құрамындағы қаншама халық бір тудың астында бірігіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып неміс фашизміне қасқайып қарсы тұрды. Сол үшін де Ұлы Отан соғысындағы қаһарлы жылдардың ызғарын еске ала отырып, батыр атамиздың жанкешті ерлігінің жас ұрпақ тәрбиесіндегі оң ықпалын басты нысанаға алып, кеңінен насихаттаудамыз.

Музейге келген қонақтарымызға мыңдаған жылдарды қамтитын тарихымыз бен мәдениетіміздің көзіндей болған мұражай экспонаттарымен таныстыра отырып, халқымыздың көне тарихы мен бай мұрасы туралы түсініктер берілді.

Өз мәресіне жеткен кеш соңын музей меңгерушісі Қали Ибрайымжанов қорытындылап, келген қонақтарға ұжым атынан зор ризашылығын білдірді. Батыр бабалар туралы қомақты мәліметтер беріліп, шара соңында музей залдарына экскурсовод Г.Оңғарбайдың жетекшілігімен арнайы экскурсия жүргізілді. Атаулы кешке келген қонақтар алғысын мен рахметтерін айтып, музей ұжымына шығармашылық бағытта толағай табыс тіледі.

Г. МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ,
музей қызметкері.

600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғарды қалай жеңген? Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға.

Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтеді. Жәңгір жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына еруге лайық Орбұлақ шайқасында осы 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар қолын тас-талқан етіп жеңеді. 600 адамның 50 мың адамды жеңуі бізге аңыз секілді көрінгенмен, шындық солай. Отандық тарихнаманың осы айтулы оқиғасы қалай болды? Жеңіске жету үшін Жәңгір хан қандай қосымша тактика қолданды? Осы жайды зерттеп жүрген тарих танымгері, өлкетанушы, шежіреші Асан Оразханұлы Тұрабаевты әңгімеге тартқан едік.

– Байырғы дұшпан Хото Батор Хонтажы бастаған ойрат-қалмақ елу мың қолмен қазақ елін жаулап алуға аттанғаны жөнінде Салқам Жәңгір өз шолушыларынан мәлімет алады. Орбұлақтағы ойрат пен қазақтың тектілері Қарахан патшаның тұсында «Арамызды шаһар байласын, шаһар байламаса, заһар шайнасын» деп анттасқан көрінеді. Маруан-Аһра би «Орбұлақ тектілердің ат-тізгінін тартып тоқтаған тәтті жері еді. Ойраттар анттан аттады. Орбұлақтың бойында ұлы жебемен қарсы алыңдар. Бұл жерге қылыш көтеріп келгендер өз қанына өзі тұншығады. Ойраттар елу мың болса да 600 сарбазың жетеді. Қостықты бастаған қолың, Сүлеймен бастаған сексен мергенің бар, қия тұмсықты біз барғанша төтеп беріңдер» деп Салқам Жәңгірге хабар жібереді.

Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейіндегі қойтасты паналап ор қазып алып, жауын ұлы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар Сасықтекенің түтінін де пайдаланады. Ұлы жебе адамға жанап кетсе болды, безгек тигендей мәңгілікке сұлап түседі екен. Ал Сасықтеке деген гүл таутекелер күйлеген кезде иіскейтін және сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайнатып, оған шүберек малып кептіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды уландырып тастайды. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостықты батыр 600 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратады да «Сасықтеке» түтініне ұрындырады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде ұлы түтінге, онан соң ұлы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында қалмақ қолы ойсырай бастайды.

Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне ұлы түтін әсер ете қоймайды. Уланғандары қымыз бен меңдуананы араластырып ішіп, құсады да тазарып аман қалады. Ал аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып тазартады. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі. Он мыңдай жасағынан айырылған олар кейін шегініп ақылдаса бастайды. Осы кезде жиырма мың қолымен Жалаңтөс Баһадүрдің қолы тықсыра бастайды, сол кезде қырық мың қолымен Алатау батыр, ішінде азғана қырғыз жасағы бар, сегіз мың қолымен Арқадан Малдас би жетеді. Алатау батырдың сол кездегі жетпіс жетіден жасып шау тартып қалған шағы екен. Ақыл-кеңес беріп, бастап келген жасағы соғысқа араласпады.

Осы соғыс ұмытылмас ерлік ретінде тарихқа жазылды. Жалаңтөс Баһадүр, Жиенбет жырау, Қарасай батыр, Көкі батыр, Жақсығұл батыр, Сүлеймен мерген, Жаманбай батыр, Шілмекенұлы Қостықты батырлар өшпестей із қалдырды. Салқам Жәңгір келесі ұрыста қалмақтың жас батырымен жекпе-жекке шығып қаза тапты.

ҰЛЫ ТҮТІНГЕ ҰРЫНДЫРУ

«Сасықтеке» түтінін пайдаланатын ұсталарды «Сүлік» деп атаған, мұндай ұсталарды өте құпиялап ұстаған. Қазақ даласындағы үлкен соғыстар кезінде түтінге ұрындыру тәсілі көп пайдаланылған. «Ұйқымалым сірне» әдісіне салып, жаудың басын айналдырып ұйықтату, түтіндетіп, иіспен улаудың жаққа өте көп шығын әкелген. Ұлы өсімдіктердің ісін жұтқан кезде, жан-жануарлар да, адамдар да басы айналып, не болып, не істеп жатқанын байқай алмай, мәңгүрттеніп, ұйқы басып жатып қалатын болған. Кейбір шөптердің түтіні өлтіріп те жібереді. Қазақ жасағы жаудың жолын торып, жолына шөмеле шөп үйіп, ор қазып, оған ұлы шөптерді араластырып, лапылдап жанбауын қадағалаған. Яғни сұлы күйінде бықсыған түтінге ұрындыру мақсаты болған. Ұзаққа ататын нарсадақпен садақшы мергендерді дайындап, садақ оғы жебесінің ұлы шөпке түсуі жау қолына үлкен шығын әкелген.

«Жер көсе» билер, жұлдызгер, көреген алымдар кез келген елдің, жердің ауа райын болжап, жел қай жақтан болатынын, биыл қыс қалай болады, ауа райын дәл есептеп беріп, қай жерден ащы су шығады, қай өңірден тұщы су шығатынын да дөп басып айтқан.

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ



Құдай берген мұндай қасиетті, дарынды кісілерді соғыс жағдайында өте құпия ұстаған. Көктемде, күзде шөптерді жинап, қайнатып, уын шүберекке сіңдіріп, кейбіреуін кептіріп, араластырып, алдағы ұрыстарға дайындап отырған. Мұндай ұлы иістен аттар бірден тырақай асып құлаған, адамдар екі сағатқа шейін есін жинай алмай, кейбірі сол күйінде жан тапсырған. Тек қана хан жарлығымен азғана жасақ осы ұлы шөптерді пайдаланып жауды кей тұстарда жеңіп отырған, ал бейбіт жағдайда жеке адамдарды улауға қатаң тыйым салынған, ондайлар шықса, қылмысына қарай қатаң жазаланған, билер сотында басы шабылған. Өкінішке қарай, мұндай оқиғалар сирек болса да кездесіп отырған.

Жиналған дәрілік шөптерді және түтіндеп жанбайтын тамырларды, ұлы өсімдіктерді, уға малынған маталарды құпия қоймаларда, қатаң күзетілген ыдыстарда ұстаған.

Ұлы өсімдіктерді, емдік шөптерді жинаған кезде, итсигек, теке-сасық, меңдуана және дермене, мия, сора, көкнәр, жалбыз, адыраспан, т.б. шөптерімен араластырып, көктей кейбіреуін кептіріп, кейбір шөптердің күлін алып, қайнатып, қатты жараланған жауынгерге, сарбаздарға ота жасалғанда, сол шөптер арқылы ұйықтатып, емдеп отырған.

ЕТБОРСЫҚ ЕМШІ

«Етборсық» емшілер, сынған сүйекті, ішкі ағзаларды тазалап жуып әрі кесіп, далалық госпитальдарда қос тігіп, жаңағы шөптер арқылы адамды бірнеше тәулікке шейін ұйықтатып, жағдайы өте ауыр сарбаздарды аман алып қалып отырған. Үлкен қос тігіліп, жараланған жауынгерлер сақайып жазылғанша солардың бақылауында болған. Ата-бабасынан келе жатқан емшілік қасиеттері бар аруақты адамдарды тауып, оларды жеті жылдай Тараз қаласында оқытып отырған. Бұлардан ант алып, жеке тұлғаларға қастандық істемеу, тек халық мүддесіне сай қимылдау, соғыс жағдайында ғана пайдалану пәрмен етілген. Иасы Түркістан, Тараз шаһарында ғаріпхана деп аталған емдеу орталықтары болған, ол жерлерде кеселі ауыр адамдарды, сүйегі сынған, ауыр жараланған адамдарды емдеп, ота жасап отырған.

БАЛ ШАРАП

«Етборсық» емшілер қымыз, қымыран, дәрілік емдік шөптерден бөлек кей жағдайларда шарап та беріп емдеп отырған.

«Алтайдың бал шарабы
Отырардың отты шарабы
Тәшкеннің нан шарабы

Тараздың жүзім шарабы» делінген. Жараланған сарбаздардың жарасын жуып, танған кезде ауру жұқпас үшін ота алдында «Отырардың отты» шарабымен тазалап жуған. (Яғни бұл 96% спирт) және маталарды осы шараппен жуып, жараларды таңып отырған.

«Алтайдың бал шарабын» жауынгерлерге күш-қуат алу үшін беріп отырған. Көп қан жоғалтқан сарбаздарға «Тараздың жүзім-жеміс шарабын» берген. Жүйкесі сыр берген сарбаздарға кейде шөп дәрілермен қатар қатаң тәртіппен «Тәшкеннің нан шарабын» берген. Осылайша қазақтар «Етборсық» емшілері бірнеше шөп қансатпааларын беріп, сарбаздардың күш қуатын, денсаулығын арттырып, қатарға қосып отырды. Бұл шараптарды Алтайдан,

Тараздан, Отырардан, Тәшкен шаһарларынан тапсырыспен алдырып, әртүрлі шөптерді және жеміс ағаштарын ашытып, соғыс жағдайында сарбаздар мен сардарларды емдеп, өлім-жітімнен, мүгедек болып қалудан сақтап, қатарға қосып отырған.

БАРМАҚ ҰСТА

Қазақ «Бармақ» ұсталары Ұлытауда, Қаратауда, Алтайда және үлкен шаһарларда, Түркістан айналасында, Текелі деген қалаларда шойын балқытып, ұңғы мылтықтар, білтелі мылтықтар соғып, кей жағдайда қолға түскен қаруларға қарап, «От-ұшпа» зеңбіректер соққан. Ата-бабамыздан келе жатқан өз қаруларымыз: наркескен, алдаспан, найза-қылыштар өз алдына. Ұлытауда ұстаханаларды «Отжағар, Боқжағар» деп атаған. Шойын темір балқытқан жерлерді «Отжағарда» қызыл жалынға қыздырып, шыңдап, жүйрік атпен шауып, суға салмай желге суытқан. Ал «Боқжағар» дегені, аттардың тезегін үлкен ыдысқа салып ашытып, қаруларды соған суытқан. Өйткені осындай әдіспен соғылған қарулардың жүзі ешқашан мұқалмаған, морт сынбаған. Полат, була, дула, шойын, зұлмарт темірлерді өте берік қылып шыңдап, әшекейлеп отырған. Мұндай қарулар өте үлкен сұранысқа ие болып, ұсталардың даңқын шығарған.

СҮЛІК ҰСТА

Егер де жеке тұлғаларды улауға қатысы болған жағдайда «Сүлік ұсталардың» басы бірден шабылған. «Сүлік ұсталар» өз құпиясын, ұлы шөптердің өте зиянды түрлерінің сырын кез келген адамға ашпаған. Емшіліктің сырын ілімсіз таратуға тыйым салған.

«Сүлік ұсталар» бөлек жасақ ұстап, жауға шабарда садақ пен найзаның ұштарын уға малған. Бұларды ерекше мерген, найзагер, қылышкер сарбаздарға бөліп беріп, бұл қарулардан уланып қалмауын қадағалап отырған. Жауға шапқанда, ұлы шөптердің түтінін пайдаланғанда, жел қай жақтан соғатынын есептеп, ешкі майы батырылған маталармен тұмшаланып отырған (ешкі майы уды өткізбейді, тоңып қалады).

Қазақ хандары мен билері осындай киелі, адам жанына араша түсетін Етборсық емшілерді, Сүлік ұсталарды, Жер-көсе билерді, ауа райын болжайтын жұлдызгер алымдарды, есепші кісілерді қадірлеп және жұрттан құпиялап ұстаған. Қазақ даласындағы соғыс жағдайында, ел басына күн туғанда осындай шөппен улау және ұйықтатып бас айналдыру, «Ұйқымалым сірне» әдісімен түтіндету амалдары тектілер пәрменімен, билер шешімімен қатаң бақылауда болып, хан жарлығымен істелінген. Қазақ жасақтары Жоңғар шапқыншылығында азғана қолмен бірнеше рет осындай әдістермен жауын күйрете жеңіп отырған.

«Орбұлақ шайқасында» алты жүз қазақ сарбазынан Хото Батор Хонтажының елу мың қолының он мыңының қырылуы Батыс және орыс тарихшылары арасында таңғаларлық оқиға болып, олар үшін де, басқалар үшін де жұмбақ күйінде қалуда. Ал осы «Орбұлақ шайқасын» Әлиасқар Байғұтұлының баласы Ақпантайға айтып, баяндап, қағазға түсіртуі, қазақ халқы үшін де, тарих үшін де өте үлкен маңызды, мақтанарлық оқиға.

ЖОЛЫ ЖҰМБАҚ ЖАЛҒАННЫҢ...

Эссе

...Күтпеген телефон қайран қалдырған. Бейтаныс замандастың парасатқа толы қоңыр үні құлақ түбінде жаңғырады-ай. Қаз-қалпында, әлі сөйлеп тұрғандай. Бір-бірімізді ертеден білетін жандарша тез шүйіркелесіп кеткенбіз.

– Жәке, сіз мені танымайсыз... Ал мен өзіңізді көрмесем де, шығармаларыңызды бір кісідей білемін... «Сен білесің бе?», «Зерегіңіз» бен «Танымыңыз» біздің оқушылардың қолында жүр...

Сәлемін үзіп-үзіп жеткізген оның сөзін бөлгім келіп, әлденеше рет шырай білдіргем. Ол өз ойын толық айтып біткенше асыққан. Менің ыңғайсыздық танытқанымды елер емес.

– Рахмет. Көп рахмет!, – дедім ілкі мезеттік бөгелістің арасында жөткіріңкіреп. – Кешіріңіз. Кім боласыз, қай жақтан хабарласып жатырсыз?

– Әлгінде есімімді айтқан сияқты едім. Аты-жөнім – Молот Мұсаұлы. Панфиловтан звондап тұрмын, Жаркенттен. Тұрлығызы досыңыздың қайтқанына бір жыл болып қалыпты. Өткен күні қаңтардың он жетісі еді ғой...

– Ия-ия, есімде. Неге ұмытайын... Сенесіз бе, сенбейсіз бе, Мәке, Тұрекең маған әлі қасымда жүргендей көрінеді. Құдды бір алыс сапарға, командировкаға кеткендей елестейді. Жүрегің де, көңілің де сенбейді-ау. Соңғы уақытта ойыма жиі оралады. Тіпті, күні кеше есіме алғаным бар. Енді, міне, бүгін күтпеген жерден өзіңіз хабарласып тұрсыз.. Аңтаңмын...

– Сіздікі дұрыс... Жалған өмір-ай деп «аһ» ұратынымыз осындайдан болса керек. Тұрлығызы ағамен кездесіп, сөйлесіп, Алматыға шығарып салғаным күні кеше секілді. «Шелектің сұлбасы да көрінді. Алаңдамаңдар, бір-екі сағаттың айналасында Алматыға жетіп барамыз ғой... Құлжаның трассасына аман-сау ілінсек қиналмаспыз...». Қайдан білейік, соңғы тілдесуі екен. Іле-шала, артынша суық хабар жеткен. Есеңгіреп қалдық, төбемізден жай түскендей. Қайран өмір-ай, пәтуасыз!...

– Жан-дүниеніңізді сеземін, Молот бауырым. Тура өлең жолдарында айтылғандай. «Қайран көңіл! Қайран өмір-ай, бағынбайсың. Сүйдіріп, күйдіріп жалт еткен сағымдайсың!...»

– Дәл өзі. Ғажап әсеріңізді қағазға түсіріп беріңізші тездетіп. Тұрлығызы аға туралы естеліктер жинағын шығармақпыз. Басты бұйымтайым да осы еді...

– Уақыт тығыздау ма, қалай? Жарайды, асығыстау болса да көңілде сайрап тұр...

Қолыма қалам алған сәтте жанарымның алдында Тұрлығызы достың еңселі тұлғасы тұра қалады. Сол бәз-баяғы жайдары, мұңсыз қалпы. Жүзі де, көзі де жымындап әлдене айтқысы келгендей. Әшейінде жорғалай жөнелетін болат қаламұштың ұшына тесіліп, ақ параққа телміріп, мелшііп үн-түңсіз отырып қалыппын. Әсілі, ой ұйығына батып кеткен болуым керек. Миым да әлем-тапырық. Сан-саққа жетелеген сансыз сауалдардың ұшын ұстай алсамшы. «Ең алғаш рет мен оны қайдан көріп ем?...», «Тұрлығызыны таныстырған кім еді, өзі?...», «ЦХ-ның баспаханасында істесе, неге кездеспегенбіз?...». Шырмауық ойлар желісін тарқата алмай қиналғанымда көзіме тағы бір сурет көлбеңдеген.



Қайырды Назырбаев, Әлібек Асқаров, Тұрлығызы, Шерхан Мұртаза, Шәрбану Бейсенова

Жадым жаңылмаса, сексен тоғызыншы жылдың суық желтоқсаны, шамасы оныншы, он бірінші жұлдызы. «Социалистік Қазақстанның» жетпіс жылдығы қарсаңындағы қауырт күндер. Сықиған, сықырлаған, сарғайған «СҚ»-ның («тоқырау кезеңі» дегендей, о заманда осындай тіркес газет атына қоса жапсырылып айтылған жағымсыз әдет) тізгінін Алаштың қайсар арысы Шерхан Мұртазаевтың (фамилиясын кейінірек өзгертті ғой) ұстағанына тұп-тура бір ай толған. Желтоқсанның ызғары қарып тұр. Кремльдің кадры Колбиннен құтылғанымызға мәзбіз әйтеуір. Оның үстіне әбден езіліп, аузынан айырылған үлкен ұжым еңсесін тіктей алмай қалғаны рас. Өткеннің ізіне әдегеннен қатуланып, шүйіле түскен, сөзімен де, ісімен де шешіле кіріскен Шерағаң журналистік ортаның оты мен шоғын қатар үрледі. «Әділеттің ақ жолынан аттамаңдар! Тек ақиқатты, шындықты жазыңдар! Әрине, ұлтымыздың мақсат-мүддесі тұрғысынан. Қазақ өз елінде отырып, мүсәпір күй кешпеуі тиіс!...». Аз уақыттың ішінде жоғарыға жалтақтап, жасып қалған журналист ағайындардың жалы жүжірейіп шыға келген. Осындай серпінді сәтте бүкіл шығармашылық ұжымды кабинетіне жинаған редакторымыз:

– Өңгіме қысқа, – деді орнынан көтеріліп. Соңғы аптадағы нөмірлерді оқырмандар мақтап жатыр. Үлкен үй де, министрлік те жылы қабылдауда. Тың ізденістеріңіз ұнайды дейді. Мен білсем жаңалықтың көкесі әлі алда. Өткір, оқылатын материалдар қажет. Құр данғаза мен мақтауға ешкім зәру емес. Сын керек. Тек осы талапты дұрыс түсініңдер. Қазір жұмыстың аяғына таман Орталық Комитеттен, заводдел Қуаныш Сұлтанов біздің редакцияға кіріп шықпақшы. Журналистердің отырған жерін көріп, таныспақ. Ең негізгі жұмысы, өздерің әзірлеп жатқан мерекелік номердің жай-жапсарын, әр беттің макетіне шейін өз көзімен көрмекші. Типографияға бас сұғады... Цехқа барады... Спецнөміріміз ұнасын делік... Кәне, бәрің де орындарыңда болыңдар...

Қатулана, бұйыра сөйлеген бастығымыз пікірін тұманды күмәнға жалғаған. Оның да жөні бар. Өткен

жетіде кіші форматта жиырма төрт бет боп дайындалған мерейтойлық арнаулы нөмірдің полосаларын редколлегия мүшелерімен бірге алдын ала қарап шыққан Шерағаң өз ескертпелерін түйіп-түйіп жеткізіп, екі-үш материалды алып тастаған. «Жетпіс жылдық шежіреге араластырып қажеті жоқ. Кейінірек, әдеттегі нөмірлерге салармыз. Уақыт өте тығыз. Сонда да сөйтіп- бүйтіп, дереу үш-төрт тәуір мақала ұйымдастыру керек. Мәселенкі мынадай тақырыптар төңірегінде: «Дербестік тізгіні өз қолымызға қашан тиеді?», «Ұлттық кадрларымыз қашанғы қағажу көреді?», «Оқырмандар не дейді, біз не дейміз?» тәрізді жұрт жүрегің сыздатқан жанайқай дүниелер қосқан жөн...». Табан астында жазылған сараптамалық ұятты материалдар қалың нөмірдің абыройын өркештендіре түскен. Шерағаң әлгінде осыны меңзеген сықылды...

Дәл мезгілінде редакция табалдырығын аттаған Қуаныш аға ұжым мүшелеріне жылы шырай танытып, қатар-қатар тізіліп тұрған жігіттердің қолдарын күлімдей қысып шыққан. Қанша айтқанмен жүрегі журналистерге жақын емес пе. Көңіліміз марқайып, әп-сәтте бойымызды бөлекше еркіндік билегені анық.

– Өтірік болмасын, барлығыңызды жыға танымасам да, газет бетіндегі аты-жөндеріңізді жақсы білемін. Сіздердің алдарыңызда ең жауапты, ең маңызды міндет тұр. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы саналатын мүйізі қарағайдай газеттеріңіздің беделі төмендеп кеткені шындық. Оны жасыра алмаймыз. Жалтақсыздар... «Өгіз өлмес, арба сынбас» сипама сын абырой әпермейді. Мінекей, сондақтан да Шерағаң үлкен қолқа артып, тыңнан түрен салуды өтініп отырмыз. Қалың көпшілік сүйсініп оқытын газет жасауларыңыз керек. Алғашқы ұшқындары байқалады. Әрине, уақыт ерте. Ең бастысы, бірігіп, ынтымақтаса құлшынып еңбек етулеріңіз тиіс. Өздеріңізбен бірге жүздескенде айтпағым осы...

Редакторымыз Шерхан Мұртаза бастаған арнаулы нөмірге жауапты топ іле-шала іргедегі баспаханға беттедік. Сарбас Ақтаев, Мыңбай Ілесов, Ержұман Смайылов, Совет Шиманбаев, Сиез Бәсібеков, Жанұзақ Әбдіқұлов, редколлегия мүшелері, бөлім меңгерушілері, секретариаттың өкілдері, суретші мен фотограф дегендей. Ұбап-шұбап екінші қабаттағы журналдар қатталып-беттелетін спец-цехтың есігін ашқанымызда біздің қатарымызды және бір топ толықтырған. Даңғарадай зәулім залдың төрінде тағатсыздана күткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің газет-журналдар баспаханасының басшылары дабырласа қарсы алған.

Екі ығына екі кісі отыратындай еңгезердей директор ағамыз Әнуар Тілеулесовті қаумалай қоршаған кіл сайдың тасындай іріктелген орыс-қазақ ағайындардың бәрі таныс. Бас директордың орынбасарлары, терім, беттеу, ротация, цинкография, бояу т.б. цехтар мен ауысын бастықтары. Шетінен ілтипатты ізетпен бас шұлғасып жатыр. Осынау жайсаңдар мен марқасқалар сапында Тұрлығызы Дуанбеков те жүр. Бұрындары алып баспахананың әр-әр бұрышында ұшыраса қалғанда бас изесіп, асығыс-үсігіс өте шығатынбыз. Бір-бірімізді жете білгендіктен. Кейінгі

кездері тонның ішкі бауындай қас-қабақтан, емеуріннен-ақ ұғысатын ек. «Жылқы кісінегенше, кісі сөйлегенше» демекші, екеуімізді бұрынғыдан да жақындастырып жіберген Ырым дос Кененбаев болатын. Бірде ол бас инженердің кабинетінен шыға келген Тұрлығызыны ай-шайға қаратпай шап берді. «Мына Тұрекеңді білмейтін сияқтысың. Біздің Талдықорған облысынан, Панфиловтан. Жерлесің. Ал Тұрлығызы, түнеугүні өзіңе айтқан жігітім осы. Аты-жөні – Жанат Елшібеков, Қаратал ауданынан. Үшеуімізде түйдей құрдаспыз. Жанат екеуіміз «Ленжаста» бірге істегенбіз, жақында «СҚ»-ға көркемдеу-бездендіру бөліміне ауысқан. Кәне, жүр кабинетіңе, жуып жіберейік...». Таныстыру соңын әзілге бұрған Ырымды қоштай жөнелген жаңа құрдас та қалжың шоғын көсей түскен. «Құр сөз болмасын, үшінші қабаттағы менің бөлмеме көтеріле беріңдер. Баспахананда спирт көп. Станоктар жуатын, тап-таза...». «Жо-о-ға, әлі талай кездесеміз емес пе. Жұтқан ауамыз, жүрген жеріміз бір ғой...». Мінеки, содан бері де жылдар жылдарға ұласқан. Еңбек жолын алып зауыт-баспахананың қарапайым жұмысшысы болып бастаған Тұрлығызы дос механик, ауысым бастығы, цех меңгерушісі, инженер, басқарма бастығы секілді лауазымды биік баспалдақтармен өрледі. Білікті де білімді маман ретінде бірден көзге түсті. Қазір де міне ол баспахана басшыларының ортасында, иық тіресіп тұр.

Бас-аяғы есік пен төрдей ғаламат станокты (о кезде бүгінгідей түрлі-түрлі компьютерлер қай-д-а!) дөңгелене қоршай жайғасқан мамандар кезегімен түсіндірме берді. Арнаулы нөмірдің материалдарын көріп, мазмұнымен мұқият танысқан Қуаныш Сұлтанов газеттің полиграфиялық жағынан заман талабына сай тұңғыш рет төрт-бес бояумен, офсеттік тәсілмен қалай орындалатынын жан-жақты сұрастырған. Мәскеуден полиграфия институтын бітіріп келген Тұрекең де реті келгенде өз тәжірибесімен бөліскені есте. Несіне жасырайық, ол уақытта қазақ жігіттерінің арасынан мұндай сирек мамандықты меңгергендер өте аз еді. Жоқтың қасында.

Қабат-қабат, жып-жылтыр пленкаларға тесіле үңілген редакторымыз Мыңбай екеуімізді қасына шақырған.

– Бүкіл беттердегі колонцифрларды дереу өзгертңдер. «Декабрь» деген сөздерді тегіс «Желтоқсан» деп қазақшалаңдар, – деді Шерағаң қолындағы қызыл қарындашпен астын сызып. – Ертеңнен бастап ай аттарын қазақша жаза бастаймыз. Естерінде болсын... Кімнен қорқамыз? Осыған да Кремльден рұқсат сұрауымыз керек пе? А-а?

Ойға келмеген, ешкім күтпеген оқиға. Жиналғандар елеңдесіп қалған. Шерағаңның тосын мінезіне үндемей үрпісіп, аңырғандарда болды сол мезетте. Шалт ұсынысты қалт жібермеген Қуаныш ағаның қолдауы дауысынан ап-анық аңғарылған:

– Дұрыс!

Іле-шала бас редактор Әнуар Тілеулесов тіл қатқан:

– Шәке, жүрек жұтқан батырсыз ғой! – Жан-жағына күле жанар жүгірткен. – Кезіңізге мақтағандық емес. Соңғы нөмірлеріңізде КПСС-ті «СОКП» деп, Бас секретарды «Бас хатшы» деп, Москваны «Мәскеу» деп жаза бастадыңыздар. Оқып, көріп, риза болып жатырмыз. Бұл – керемет ерлік!

Жүріс-тұрысы да, сөз саптауы да, өзіндік көзқарасы да ірі, кесек Әнуар ағаның тұлғасы маған бұрынғысынан да зорайып асқақ шаланған.

Орынсыз қолпаштауды әсте жаны сүймейтін Шерағаңың әлгіндегі қабағы қайта жазылып, көңілді рай танытқан.

– Әнеке, пейіліңе рахмет! – Денесін тіктеп, бар ықыласын аударып. – Өзің басқарып отырған мына баспахананың атын да қазақшалаған жөн. Қашанғы партияның шылауында жүресіз. Мәселен, «Дәуір» баспаханасы десек... Өмір де, тіршілік те өзгеріп жатыр емес пе...

– Әдемі атау екен!

– Сәтті секілді: әрі қысқа, әрі нұсқа.

– «Дәуір», «Дәуір» – дабылды, айбынды естіледі.

Жұрт шулап қоя берді.

Ресмилеу кездесудің сықиған өн бойына қан жүгіргендей, бәріміз де еркін тыныстағанбыз.

Жаныма жетіп келген Тұрлығызы қуанышын жасыра алмады.



Жұмыс орнында



Ұлы Дәуренмен

– Шерағандай редактор жоқ қой. Мықты қазақ, – деді құлағымның түбіне сыбырлап.

Рас. Қуана білу де – адалдық нышаны. Ондай қасиет кез-келген жанның пешенесіне бұйыра бермейтіні баршамызға мәлім. Біздің Тұрлығызы дос сондай азамат.

Күйкі тіршіліктің жетегінде жүріп көп нәрседен қол үзіп қалады екенсің. Бұл – өмірдің заңы. Әйтсе де, бұған жіті көңіл бөле бермейміз-ау. Бозым шағымыз, бүкіл алау жастығымыз редакция мен типография арасында өткеніне де енді ғана көзім сенгендей. Бір қалыпты, ағын судай аға жылжыған уақыт талай өзгерістерін жасатты. Жыныс тоғайдай сыңсыған достардың, ағеділ әріптестердің қатары да әжептәуір селдірегенге ұқсайды. Заман өзгерген, қоғам құбылған. Әркім өз жолының арнасымен зырылдап жүр.

Күнкөру, әрекетету. Адамайтса, сенбесжай. Аласұрып ұмтылмасаң далада қаласың. Ойлап отырсаң, қызық-ақ. Әсіресе, қаламын талғауы өмірдің толқынын кешкен журналист ағайындардың бей-берекеті шыққаны өтірік емес. Газеттер мен журналдар бірінен соң бірі жабылып, журналисттер топ-тобымен базар жағалап кетті. Топан тиражынан айырылған басылымдар жалақыны екі-үш айда әрең алып, қаламақы көзден бұл-бұл ұшты. Әңгімеміз дерексіз жалаң болмасын, мүйізі қарағайдай «СҚ»-ның өзі төтеннен тиген дағдарыс тегеурініне шыдамай, шатқаяқтап қалды. Таралым күрт құлдылап, аптасына алты мәрте жарық көретін қазақ баспасөзінің қара шаңырағы әуірімдеп жетісіне екі-үш реттен зорға шыққанына күеміз. Оны айтасыз, газеттің 75 жылдығына арнап, тапжылмастан үш-төрт ай бойы тер төккен арнаулы отыз екі беттік толстусқаны баспаханалық бояудың мүлдем болмағандығынан қап-қара күйінде шығардық. Сенсеңізде, сенбесеңізде ақиқат осы, шындық осы! Дөңгелек даталар 70 пен 75-тің арасындағы айналдырған бес жыл әкелген өзгерістерді былайша бейнелеуге болар еді. Газет аты жетпіс жылғы жамауы «Социалистіктен» құтылып, бұл кезде «Егемен Қазақстан» аталатын. Бояусыз жарық көрген мерекелік нөмірдің ұрандай естілер шапқасы – «Алаштың азат басылымы 75 жаста». Бас редакторы – көрнекті қаламгер Нұрлан Оразалин. Естелік-эссемиздің тағы бір дәйегі ретінде осынау тәуелсіздіктің елең-алаңында Баспасөз министрлігінің басына журналистердің ғана емес, барша қазақ зиялы қауымының ардақтысы саналатын Қуаныш Сұлтанов келген-ді. Жоғарыда сыр ғып шерткен қиын кезеңнің шырғалаңы министр ағамыздың есінде шығар. Дәл сол уақытта аяулы досымыз Тұрлығызы Дуанбек Баспасөз министрлігінде жауапты лауазымдық қызметті атқаратын. Баспахананың зәулім цехында ұшыраса кеткен ол бәз-баяғы байсал қалпын өзгертпеген күйінде:

– Хәл нешік, құрдас? – деп жөн сұраған.

– Жүздерің сынық бәріңнің де. Түсінемін. Кеше бастықтарың, Нұрланды айтам, министрге жолығып біраз ренішін бүкпесіз білдірген сыңайлы. «Дүние не боп кетті өзі. Қағаз жоқ, пленка жоқ, тіпті, қызыл-жасыл бояу жоқ. Сұмдық емес пе?» деп қынжылғанын өз құлағыммен естідім. Ең бастысы, мерекелік нөмірлерің өте сәтті, мазмұны бай. Қуаныш ағаң да ұнап жатыр. Нендей жағдайға болса да, сабырмен қараған дұрыс. Зәрулік, тапшылық қос өкпеден қысып-ақ тұр. Нарыққа бейімделу керек. Әлі-ақ өз қолымыз өз аузымызға жетеді. Болашаққа тек сеніммен, үмітпен қарайық...

Иә, бүгінде бәрі ұмытылған. Кешегі жылан жалаған бос сөрелер лық толы. Тапшылықтың ізін шырақ алып іздесең таппайсың-ау. Газет-журналдар да ат-көпір. Қисапсыз. Беттері де қалың. Бұрқырап шығып жатыр, шығып жатыр. Үлгермейсің оқып. Есіме ертеңіне сенген, келешекті қателеспей болжай білген салмақты да, сабырлы Тұрлығызының көреген сөздері түскен. «Алдымызға тек сеніммен, үмітпен қарайықшы...».

...Жоғарыда меңзегендей, күнделікті тірлік ығымен көп достардан көз жазып қалдық. Жас ұлғайған сайын оларды түгендей бермейтіміз және рас. Ыстық ұядай көрінетін Алматыдағы көкбазардың түбіндегі Баспасөз үйіне жайғасқан отызға тарта газет-журнал мен іргесіндегі алып баспахана «Дәуірдің» де (кезінде Шераған армандаған атқа ие болған) жағдайы мәз емес. Жабылатын редакциялар жабылып, тұралаған басылымдар нарықтың қысымына шыдамай, күнкөріс қамымен бас сауғалап жүр. Оның үстіне жұмыссыз қалған ағайындар Ақмолаға ағылған, ұлы көшке ілескен. Сөйтіп бір-бірімізді баспаханада бет қаттау цехтарында, газет басатын жерлерде, атшаптырым асханада жиі ұшырасатын біздер, шын мәнінде жетімсіреп қалғанбыз...

Сонымен біраздан бері хабар-ошарсыз кеткен Тұрлығызымен Астанада қайта қауыштық. Наурыздың ақтүтек боранында редакцияға іздеп келген ол:

– Ассалаумағалейкум, құрдас! Хал қалай? Сақылдаған сары аязға үйренетін түрің бар ма?, – деп бір қап аязды алдына сала табалдырық аттаған. – Буып тұр, кемінде отыз градус бар шығар. Сендерді сынап жатқаны да...

Бет-аузын аяз сорған Түрекеңнің өңі қып-қызыл. Құлақшынын, тонын шешіп, мұз моншақтарын қағып, жөн-жосық сұрасып жатыр.

– Өзіңіз қалайсыз? Целиноградтың ауа райына біршама бейімделгендей түріңіз байқалады.

– Астана, әйтпесе, Ақмола десеңші. Әуелде біз де Целиноград дей беретінбіз. Үйренген ауызда жазық жоқ. Тың өлкесінің орталығы әбден бітіп, тоз-тозы шығып қаусған екен. Астананы дер кезінде ауыстырыпты. Әйтпесе...

– Иә-иә... Көшіп келгенімізге бір айдай болып қалды. Бәрінде көріп-біліп жатырмыз ғой. Қазақтың иісі мүлдем сезілмейсіңі. Редакцияның ауласына Наурыз мейрамы қарсаңында мына киіз үйді тігіп едік. Байқаған шығарсыз. Екі-үш күннен бергі көз аштармай ұйытқып тұрған ақборан аузы-мұрнын көрсетпей, белуардан басып тастады. Көктем мерекесін бас редакторымыз Ерағанның (Смайл) кабинетінде өйтіп-бүйтіп дірдектеп өткізген болдық. Бұл түрімен Астананың сірескен сұр қары шілдеде сөгілмесе де...

– Қой, Жәке, түңілме!..Біздің екінші қысымыз... Аязы да, бораны да тамаша... Үйреніп-ақ кеттік... Шыдамағандары Алматыға кері көшіп жатыр...

– Алғашқы әсерімді айтып жатқаның ғой. Балалық шағымның ізі қалған Қараталдың жағасындағы, Балқаштың бойындағы балықшы ауылына ұқсайтын секілді. Қысқы ауа райын айтамын да... Түреке, өз жайыңда айтсайшы. Сол министрліктен сіз бе?..

– Е-е, сөйтсеңші... Алланың кез келген мезгілі, кез келген ауа райы жақсы. «Күннің жаманы кетеді, адамның жаманынан сақтасын» деуші ме еді үлкендер... Мен қазір баспадамын...

– Дұрыс, Түреке!..Баспа дейсіз бе?.

– Жаңадан ашылған «Елорда» дейтін баспаның директорымын. Осы уақытқа шейін тікелей газет-журналға қатысты шаруаларға аралассам, қазір тәуекелге бел буып кітаптар шығара бастадық. Полиграфист досың нағыз баспагер боп алды. Кәне, қандай кітабың бар. Жеделдетіп шығарып берейін әдемілеп...

– Рахмет! Ниетіңе, пиғылыңа ризамын. Әзірге асықтырма. Жұрт сөз ғып жүрер. Астанаға келмей жатып, жерлесінің кітабын шығарды деп ілік іздер.

– Қойшы, көлеңкемізден қорқып... Сонда жақсы кітап шығармауымыз керек пе?! Аты-жөніңді халқың біледі. Сен жалғыз Талдықорған облысының маңдайына

машиналар мен станоктарды, түрлі безендіру элементтерін орындайтын құрал-жабдықтары, ең ақыры баспа өнімдеріне, оның ішінде, әсіресе, кітап мұқабаларына ойылып бедерленетін цинкографиялық қалыптардың жаңа технологиясын өндіріске батыл енгізудің бастамашысы болды. Жаңалыққа құмар Тұрлығызы отандық баспа жетістіктерін ұдайы насихаттаумен бірге, әлемдегі ең үздік елдердің кітап шығарудағы тың ізденістеріне дем қойды. Үйренуден жалықпады. Бір елең етерлігі өзі игерген, өзі құлаған өнердің көкжиегін кеңейтуге қосқан үлесі мол. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегенді бабаларымыз бекерге айтпаған. Мұны дер кезінде ескермегенімізді сездіргім келеді. Өйткені, республикалық, одақтық, халықаралық кітап жәрмеңкелері мен баспа өнімдерінің түрлі саласына орай ұйымдастырылған шаралардың басы-қасында танымал полиграфист-баспагер Тұрлығызы Дуанбектің тер төккені мәлім. Үйренуде шыршамайтын адам өз бойындағы жақсы қасиеттерді өзгелерге үйретуге бейім. Сондықтан да болса керек, кейінгі толқын баспагерлердің арасында біздің Түрекеңді тәлімгер ұстаз санайтындар да жеткілікті. Еріксіз мемрейленесің!

Баспа-полиграфия ісінің үздік қайраткері, асыл азамат Тұрлығызының мерейін асқақтатар, ешкімге ұқсамайтын, тек өзіне тән дара мінез-құлықтары жөнінде алдыңғы буын ағалардан талай мәрте естігенбіз. Шіркін-ай, бәрін бірдей көгендеп, шертіп шығу мүмкін емес. Түрекеңнің өр тұлғасын сомдай түсіну мақсатында Халық жазушылары Шерхан Мұртаза мен Фариза Оңғарсынованың лебіздерін түйіп жеткізгенді жөн көрдім.

«Елорда» баспасынан ең алғаш жарық көрген көркем туындының бірі – Шерағанның «Ай мен Айша» романы. Жалтылдатып, жарқыратып шыққан кітаптың сүйінші данасын апарып беріп, үлкен қаламгерді қуантуды ойлаған Тұрлығызыға Шерхан аға қатты риза болыпты:

– Айналайын, Түреке мына жақсы хабарыңа көп рахмет! Әрбір авторыңның кітабы шыққан сайын, құлдыраңдап жүгіре берсе, баспа директорының өкшесінен не қалады?! Біз қазір өзіміз кіріп шығамыз. Саған, кітапты әзірлеген қызметкерлеріңе ризашылығымызды білдіргеніміз дұрыс шығар. Айтпақшы, баспаның «Елорда» деген аты өте сәтті табылған. Оқырманға силар дүниелерің мол болғай!..

Ал, тез арада, әрі күтпеген тұста үш томдығын қолына ұстатқанда Фариза апай жүрек жарды қуанышын елжірей жеткізіпті:

– Мына Тұрлығызыны танымаймын, білмеймін. Сырттай сәлеміміз дұрыстау. Өзі біздің Батыстан да емес. Кітабымыз шығарып берші деп өтіңгем жоқ.



Дәурен Әлібеков, Сауытбек Абдрахманов, Тұрлығызы, Қадыр Әлімбеков

ғана таңбаланбаған шығарсың. Ең жек көретінім жерге, руға, жүзге бөлінушілік. Суық қаным сүймейді. Құдайшылығын айтшы өзің, «Осы, сен қай ел боласың деп сұрадым ба?».

– Рас! Сөзіңнің негізі бар. Досым-ау, жұрттың бәрі өзіндей болса шіркін!..

Соғыстан соңғы жылдардың төлі, мамырдың рахман шуағында шырылдап жарық дүние есігін ашқан ұрпақтың жұлдыздарын Жаратушының өзі бөлекше жаратқан. Сәуегейлік жасамай-ақ қояйын, Тұрлығызы құрдастың жұлдызы тым биіктен жарқыраса керек. Ғажабы сол, оның сәулесі еш көмескі тартпайды, керісінше ойға алған сайын әр қырынан нұрланып шалынады. Ол шұғыла шаңырақ үстінде, бала-шағасының көзінде, ағайын-туыстың жүрегінде хәм біз секілді дос-жаранның жадында бұрынғыдан бетер арайланып көрінетіні сөзсіз.

Дәлел керек пе. Айтайын. Тұрлығызының «Елорда» баспасы төңірегіндегі сырды ширатайыншы. Полиграфия-баспа ісін әуелден жетік меңгерген Тұрлығызы шығарған кітаптары көз алдыда сайрап-ақ тұр. Көп туындылардың қалай дүниеге келгені жөнінен де жақсы хабардармын. Оның да себебі бар. Жаңадан ірге көтерген баспаның полиграфиялық-техникалық базасы әлдеқайда төмен-ді. Алматыдағы қалыптасқан, қай жағынан болсын тамыры тереңге кеткен ежелгі баспалардың жағдайлары көш ілгері. Сөйтсе де, ол Астана мен Алматының арасына шапқыламай қолдағы мүмкіндіктерді тиімді пайдалануды көздейді. Бұрынғы облыстық баспахана жүйесіндегі полиграфиялық

Түнеугүні бір кездескенде «Апай, үш томдығыңыз таяуда жарық көреді» дегенде мүлдем сенбегем. Міне, мені өстіп ешкім қуантпаған болар. Нағыз істің адамы екен. Жақсылығыңды халқың, елің ұмытпайтын жігіт бол! Абыройың мен беделің жаңа баспаңның даңқын шығарсын.

Әңгіме тұздығына жарар мұндай штрихтар көп-ақ. Дарқан достың шарапатын менде көрдім. «Қош бол, теңіз...», «Таным», шығармалар жинағының бес томдығы секілді кітаптарымыз шығарып берді. Жалпы, «Егемендік» қаламгерлердің «Елорда» баспасына, оның тізгінін ұстаған Түрекеңе айтар алғысы шексіз-ау деп ойлаймын. Әділ Дүйсенбек, Сауытбек Абдрахманов, Жанболат Аупбаев, Тілекқабал Боранғалиұлы, Сүлеймен Мәмет, Берік Садыр, т.б. жазушылардың негізгі де басты кітаптары өз оқырмандарына «Елорда» баспасынан жол тартқаны баршаға мәшһүр.

Иә, Тұрлығызы шашқан шапағат шұғыласы талай жүректерге нұр құйғаны даусыз.

Аяулы жары, сүйікті Сәбирасының қас-қабағына қараған, шаттыққа бөлеген балалары мен желкілдеген немерелерінің панасы ғана емес ол нағыз бүкіл әулеттің, туған-туыстың тірегі, дос-жаранның арқасүйер мықты бір діңгегі еді.

Иә, жолы жұмбақ жалғанның бес күндік қонағы жайында жүректер әркез сағынышпен соғады.

Жанат ЕЛШІБЕК,

жазушы, халықаралық

«Алаш» сыйлығының лауреаты.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Моңғол ма, Моғол ма?

немесе

Үндістанды жаулаған ұлы Моғол империясы

Жер ана төсінде мыңдаған жылдарды өткеріп өмір сүріп жатқан барша халықтардың, әрқайсысының ұлт болып қалыптасуы жолында басқаға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән тарихы бар. Демек, әр халықтың тарихи тағдыры әртүрлі болып келеді. Сол үшін де бүгінгі мақаламыз көпшіліктің көңілінде түсініксіздеу болып жүрген аталуы ұқсас болса да, негізгі өзегі бір-біріне қосылмайтын **Моңғол ұлты мен түркінің бір бұтағы Моғолдың шежіресі жайында болмақ. Себебі, моғолдар – қазақ ұлтының қалыптасу тарихында айшықты орыны бар рулық бірлестік болған.**

Енді осы тақырып бойынша қысқаша зерттеу мақаламызды моңғолтану мен түркітану ғылымының көрнекті өкілі И.Қабышұлы жазған «Тұран әлемі» атты түркі – моңғол тарихы жайындағы кітабынан бастайық. Сонымен, міне оқи отырып керегімізді де таптық: «...**Моңғол** – будда дінін қабылдаған халық. Бұл діннің шыққан орталығы Индия мен Тибет елі. Оған үнді, қытай, моңғол сияқты өте ерте кездегі патшалықтар сиынып келген» деген дерегі бірден назарымызға ілінді. Енді кішкене аялдаңыз; 1) Ежелгі Үндістан; 2) Ежелгі Қытай – дегенді оқыдым, ал, «Ежелгі Моңғолия» деген тақырыпты, тарауды, бөлімді, мен ешбір мектеп оқулығынан, басқа да әдеби, тарихи шығармалардан кездестірмедім.

Сонда қазіргі моңғол халқының тарихы «Қалай басталады?» – деген заңды сұрақ туындайды. Оның шешуін табу үшін моңғолдың Лувсанданзан ғұламасына жүгінеміз. Бұл кісі «Моңғолдың құпия шежіресінің» кейбір дерегіне сүйене отырып «Алтын товч» (Алтын шежіре) атты кітап жазған бірден-бір оқымысты. Және де Лувсанданзан өз кітабында – Шыңғысханның шығу тегі мен моңғол әулетінің арғы дәуірі шежіресін жазып шыққан. Енді, бізге қатысы бар-ау деген жерлеріне тоқталып өтер болсақ: «...Үнді жерімен сабақтас жатқан Тибеттің ең бірінші «Мойынға отырған ханынан» бөлініп кеткен Далай әулиенің кенжесі Бөрте Чинуа (Көк бөрі) есімді жырынды жігіт Марал сұлуды (Гуа - Марал) алып қашып, теңізден өтіп, асқар таудан асып, қазіргі Моңғолия өлкесінің алдыңғы Хэнтэй өңіріндегі Бурхан – Халдун тауына келгендігі баяндалады. Тоқтаңыз, бұл қалай? Бүкіл Түркінің тотемі болған – Көкбөріні б.з.б. VI ғасырда көне Үндістанда пайда болған Будда дініне апарып телігені түсініксіздеу..?! Сонда, тотемизм сенімі Буддизмнен таралады ма? Одан қалса енді будда діні шетте қалып, «Тәңірдің жебеуімен...» – деп, әңгіме әуені Тәңір дініне қарай ойысады. Ол аз десеңіз 1206 жылғы құрылтайда хан сайланған (қонтайшы емес) Шыңғыстың «Мәңгі Көк Тәңірі» деп сөйлегені моңғол ғалымы Х.Даванның «Чингисхан как полководец и его наследие» атты кітабында жазылған. (68 бет) Ал, сөз басындағы «Будда дінін ежелден қабылдаған моңғол халқы» қайда қалды? Ары қарай, «...Моңғол әулеті өсіп ержетті» дей келе діндар Лувсанданзан «**Моңғолдар** – Шыңғыс әулетінің арғы аталарының тұсында ғана «Моңғол жұрты» болып бөлініп шыққандығына меңзейді. Ал екі аралықтағы Бөрте Чинуадан – Шыңғыс әулетіне дейінгі «моңғол тарихы» жайлы мәліметтерді қайдан аламыз? Мінекей, тарих кеңістігіндегі осындай ақтаңдақтар мен қисынсыздықтар, сенімсіздік пен бұрмалаушылыққа апарып, замана ағымындағы тарих көшін бағытынан бұрып ұлт пен ұлыстардың өткеніне, ұлттық шежіресіне зор қиянат жасалады.

Ғұлама Лувсанданзан жазбасымен бұл әулеттің «моңғол» болуын шамамен XI ғ. соңы десек (*себебі Шыңғысханның ата – бабаларының әулеті сол заманада ғұмыр кешкен ғой*) ол кездегі тарихи мәліметтерде, саяхатшылар жазбасында «Моңғол жұрты» жайлы ешқандай да дерек жоқ. Сонда бұл әулетті қай елге қосамыз? Үндіге, Қытайға, Тибетке әлде Түркіге ме..?! Тағы бір мысал: моңғолтанушы ғалым Е.Кычановтың «...XII ғасырдағы қытай жазбаларында «**моңғол**» сөзінің кездеспейтіндігін, сондай-ақ, Шыңғыс хан өмір сүрген XIII ғасырда да «**моңғол**» терминінің болмағандығын мойындаған» жазбасы және бар. Сонымен, жазылғандардың бәрін ой елегінен өткізе келе осы бір түсініксіз жағдаяттың кілті немесе құпиясы, айтылуы мен жазылуы да ұқсас, айырмашылығы бір ғана «н» әрпінен тұратын түркі тектес «**моғол**» жұртының тарихымен тығыз байланысты-ау деген ойға тоқталып, аталмыш бағытта құрмеуі қиын осы бір тақырыптың шешуін табуға талпыныс жасап көрелік.



Себебі, «**МОҒОЛ**» сөзі б.з. III ғ. бастап Мугулюй – деген атпен ескі жылнамаларда кездеседі. Нақты айтсақ: «...Сөйтіп, *Ғұндар* мемлекеті ыдырап, *сәнби* тайпалары талқандалған соң, олардың бір тармағы б.з. 310 – 376 жылдары *тобалықтардың* қол астында болады. Кейін құл Мугулюйдің үстемдігінен, оның баласы Глухойдың шабуылынан аман қалған елдер бұдан былайғы шежірелерде «*жужан*» атымен тарихқа енді», – деген мәліметтерді алдыға тарта отырып түркілік «*моғол*» руларының өткен тарихын қаузап көрелік. Демек, бұнда «құл Мугулюй» сөзі тобалықтарға қарсы көтеріліске шыққан біршама рулардың көсемі, яғни адам есімі.

Өздеріңіз оқып отырғандай арғы тегі Ғұннан таралатын *сәнби*, *тоба*, *жужандар* өзімізге етене жақын байырғы түркілік көшпелілер жұрты. Оған дәлел: Тобаның Вэй ұлысының әміршісіне б.з. 520 жылы барған жужан ханы Анахуанның өз аузымен айтқан: «...біздің де ата – бабаларымыз Вэй (Ұлы Вэй) ұлысынан өрбіген халықпыз» – деуі, шын мәнінде олардың арғы тегі Ғұн, беріде Тобалардың ұрпағы екендігінің айқын дәлелі емес пе.

Ал, енді жужандардан бері тарқатсақ – нирун (арқа), моңғол (моғол), татар деген үш ата тарих бастау алады. Енді, И.Қабышұлының мына бір жазбасына назар аударайық: «Жужандар негізінде «*моңғол*» жұртында өсіп-өнген ру – ұлыс екенін дәлелдеудің қажеті шамалы» («Тұран әлемі» 49-50 беттер) Тоқтаңыз ағасы, бұл жерде «*моңғол*» емес *моғол* жұртында өсіп – өнген болуы керек! Себебі:

1) өзіңіз жүгінетін оқымысты діндар Лувсанданзанның «*Моңғолдар* – Шыңғыс әулетінің арғы аталарының тұсында ғана «*Моңғол жұрты*» болып бөлініп шыққан деген мәліметін қайда жасырамыз?! Бұны тұспалдап XII – XIII ғасырлардың арасы деп алар болсақ, (құл Мугулюй б.з. III ғ.) арадағы мың (1000) жылға жуық уақытты кімнің еншісіне береміз?

2) Моғолдар бірлестігіне қандай рулар жатады десек, оның жауабын Рашид Әд-Диннен аламыз: ол моғолдарды екі тармаққа бөледі:

1) Жалайырлар бастатқан бірқатар рулар;

2) Керейлер бастаған біршама руларды атап жазған. Және «*Бабырнама*» кітабында жалайырларды ертеде «*моғол*» деп атағанын оқығанымыз бар-ды. Ал, *Моғол* жұртының аумағына келсек – нирун (арқа) сөзі Сарыарқа, Арал маңы, Сыр өңірі және Талас аймағы мен шығысы Жетісу екендігін көне тарихтан білеміз. Ендігі, өзіңіз байқап отырғандай бұнда тек *түркілер жайында*, тұңғыс – маньчжурдан тарайтын моңғол (Халха) жұрты жайлы бір ауыз сөз жоқ. Демек, қазіргі Моңғолия мен *моңғол* ұлтының бұл жерге түк те қатысы жоқ!

Яғни, біздің жазба жұмысымыз көшпенділердің арғы тегі Ғұндардан (*олар Сақтардың ұрпақтары еді*) басталып, одан *сәнби*, *тоба* бертін келе *жужандарға*, олардан – *нирун*, *моғол*, *татар* рулары өрбітініне келіп тірелдік. Бұл Түркі қағанаты (б.з. 552 - 603 ж.ж.) дәуірі деген сөз, себебі, жоғарыдағы жужан Анахуань (Анағай) қағанға Түрік қағаны Бумын: «...Қызын маған ұзатсын!» деп елші жібергенде, «Сен, темір балқытушы құл, мұндайға қалай аузың барады!» деп қатты ашуланған Анағай қағанның атқа қонуы, арадағы соғыста жужандар Түркілерден ойсырай жеңіліп тынады. Бұндағы менің ойым: б.з. III ғ. екінші жартысындағы «құл Мугулюй үстемдігі» мен «темір балқытушы құл Бумын» арасында біз байқай бермейтін байланыс бар сияқты. Демек, билікке талас

барысында *жужандар* мен *моғол* түркілері кезек-кезек жеңіске жетіп билік ауысып отырған деуімізге әбден болады. Олар (*жужандар*) тарих сахнасынан, биліктен кеткенімен елден, жерден түп-тұқиянымен көшіп кеткен жоқ. Өйткені, олар өз атамекенінде ғұмыр кешкен, бір атадан тарайтын көшпелі түркі тұқымдастары ғой. Рас, біраз бөлігі батысқа ауып барып, бұдан былайғы тарихи шежірелерде *аварлар* аталған-ды.

Ал, Қытайдың «*Сун Шу*» (Сұн ұлысының құжаты) атты жылнамасында *жужанның* бір аты «*датан*», тағы бір есімі «*тань* – *тань*» деген деректеріне оралайық. Бұл жайлы өз пікірін білдірген зерттеуші, ғалым Г.Е.Грумм – Гржимайло *жужанның «датань»* дегені «*татар*» сөзінен туындағанын айтып өткен. Әбден мүмкін, бұл үрдіс жалғаса келе Түркі қағанаты кезіндегі б.з. VIII ғ. «*отыз татар*», «*тоғыз татар*» аталып тегі бір туыстас моғолдармен қатарласа тарих сахнасына қайта шығады. Және де Рашид Әд – Диннің «өте ерте кезде моңғол (моғол) тайпалары мен олардың мекен жайын үнемі иемденіп келген қуатты ру – ұлыстар татар әулеті еді» деген жазбасы бар.

Мінекей, б.з. VIII ғ. соңы мен XI ғ. арасын қамтитын Оғыздар дәуіріне де келіп жеттік. Алғаш Жетісудың батысын мекендеген Оғыз тайпалары (VII ғ.) Түрік қағандығының құрамында болды. Уақыт өте келе аймақтағы басқа ұлыстарға қарағанда мерейі үстем болып аумағы барынша кеңейіп, қанатын кеңге жайды. Оғыз қағанаты тайпалардың біріккен одағынан құрылды, құрамына қарлұқ, халаж, қаңғар – печенегтермен қатар моғол, т.б. рулық топтары кірді. Моғолдар тобына: жалайыр, дулат, қият, қоңырат, керейт, найман, меркітпен қоса біраз түркі рулары енді. Одан Жетісуда Қарлұқ қағанаты (756 – 940 ж.ж.) құрылғаннан кейін биліктен айырылған оғыз тұқымдастар Сыр бойына қарай ығысып, моғолдар өз атамекені Жетісуда қалды.

Сонымен, Шыңғыс хан дәуіріндегі айтылып, жазылып жүрген «*моңғолдар*» болмаған, ол сан ғасырлық өз атамекенінде ғұмыр кешіп жатқан аталмыш *моғол түркілері* еді. Және де әкесі Есукейді у беріп өлтіретін татарлар да іргелес өмір сүрген «*датан*» немесе «*тань-тань*» ұрпақтары екенін іштей сезініп те отырмыз. Тіпті сол заманда «*моғол*» терминінің аясы кеңейіп, Түрік этнонимінің баламасы ретінде қолданыста болғандығы жайлы мәліметтер көптеп кездеседі.

Енді Шыңғысхан дәуіріне келгендіктен, оның атақонысынан бастайық. Ол, қисыны келмес, қиялға бейім Моңғолияның Хэнтэй өлкесі емес, зерттеуші ғалымдарға етене таныс Рашид Әд – Дин мен Ә.Бахадүр хан шежірелерінің баяны бойынша – Талас аймағы, Сыр бойы, Арал жағасы мен Ұлытау, Кішітау өңірлері болған. Кейінгі зерттеушілердің еңбектері осы бағыттың дұрыс екендігін көрсетуде. Мәселен, Т.Ә.Тыныбайын жазған «*Шыңғысханның атамекені мен ата тегі және тілі мен діні*» кітабын (Алматы, Шапағат – Нұр, 2014) оқысаңыз біраз тың мәліметтерге қанығасыз. Жоғарыда жужаннан – *моғол*, *нирун*, *татар* рулары таралады дедік, моғол жайлы біраз қаузадық, енді нирунға тоқталар болсақ, бір деректерде «*нирун*» (арқа) деп аталған уақыт өте келе «*арқаның елі*», «*арқалықтар*» т.б. айтылған екен деген болжамдар бар. Кейіндері атақ – даңқы шартарапқа жайылып күшті ел болғанда, сырттағылар «*Арқалық ел*» атаса, олар өздерін «*қиян*» деп атаған және Нирундардың ірі

руларының бірі «Нүкіз» еді. Ал, Ә.Баһадүрдің «Түрк шежіресінде» - қатаған, ұрғыт, маңғыт, барлас, қият, дулат т.б. нирун рулары екендігі жазылған. «Нирун» - нұр рулары немесе нұрдан жаралған деген мағына береді, – деп анықтама да беріп өткен. Ал, осындағы Барлас руынан Орта Азияның әміршісі Ақсақ Темірдің шыққандығын да айта кетейік.

Ендігі кезекте «татар» руы шежіресі бұл этностың құрамы – алшын, тана, дөйт (шөмекей), таз т.б. руларынан құралады. Міне, бұл арқылы ежелгі татарлар дегеніміз, Кіші жүздің рулары екендігі бірден көзге ұрып тұр ғой. Демек, Шыңғыстың әкесі Есукейге у беретін татарлар өзіміз байқап отырғандай сонау б.з. III ғасырының соңынан бері моғолдармен қанаттас, көрші қоныстанып жүрген түбі бір жужаннан тарайтын түркі рулары. Бұдан әрі Алаш ардақтысы, ғұлама жазушы М.Мағауиннің «Шыңғысхан және оның заманы» атты тарихи хикаясынан үзінді келтірсек: «...Қайткенде де Шыңғыс хан өз ұлысын **Еке Моғұл Ұлысы** деп атаған, Еке Моғол емес. Себебі, сол замандағы араб, парсы деректерінде, Қапқазия, Батыс Еуропа жазбаларында «моңғол» атауы ұшыраспайды. «Моңғол» - нақтылап айтсақ, «мән - гу» - қытай дәстүріндегі тауарихқа тән атау». Міне, енді бұған біздің алып-қосарымыз жоқ, қысқа әрі түсінікті айтылған.

Міне өзіңіз оқып, ақиқатын көзбен көріп отырсыз ғой, бірін-бірі толықтырған тарихи фактілер еш қиындықсыз-ақ таспадай өріліп келеді. Олар аймақтағы билік үшін ғасырлар бойы бірін-бірі қырғынға ұшыратып отырған. Шыңғыс ханның баласы Шағатайдың ұлысы ыдырап – батысында барластан шыққан Әмір Темір мемлекеті, шығысында Тоғылық Темір негізін қалаған Моғолстан (Моңғолстан емес) мемлекеті (XIV ғ. орта тұсынан – XVI ғ. бас кезі) пайда болды. Бұндағы Шыңғыс тұқымдарынан кейінгі биліктегі ұлысбегілер – дулаттар мен жалайырлар болғанын тарихтан жақсы білеміз. Мысалға: мемлекетті әр кезеңдерінде Шағатай ханға адал қызмет еткен дулат тайпасынан шыққан Поладшы, кейіннен Қамар ад – Дин, Шамс ад – Дин деген әмірлер басқарған. Қазақтың ғұламасы Ә.Марғұлан өткен ғасырдың 1941 жылдары «... Жетісудың сол кездегі саяси атауы Моғолстан болса, мекендеген тайпалары ресми тілде моғол» – деп аталады. Бірақ бұл Моғол деп отырған көшпелі тайпалар моңғол да емес, ұйғыр да емес, Түрік тілінде сөйлейтін сол жердің тарихи заманнан келе жатқан тұрғын халқ. Екінші түрде айтқанда Моғол деп аталған елдер Ұлы Жүз Үйсіннің құрамына кірген үйсін – дулат, қаңлы, шанышқылы, жалайырлар» деген жазбасы бар. («Моғолстан, моғолдар дегеніміз кімдер?» М.Қазыбек, «Ана тілі» №27 (1233) 10 – 16 шілде, 2014). Міне, түгелімен түркі тұқымдастар, моңғолдың аты түгілі заты да жоқ!

Иә, кейінгі Моғолдар тарихының жалғасы 1366 – 1405 жылдары Орта Азияның әйгілі билеушісі, Шыңғысханның аталасы, Барластан шыққан Әмір Темірдің ұрпағы (шөбересі) Бабырдың Үндістанға шабуылынан қайта басталады. Делиді өзіне бағындырған Бабыр шах (император) лауазымын иеленген соң Үндістанның Солтүстігінен жинаған 100 мың әскерімен соғыс жорығын бастап Бихар, Бенгал аймағын өзіне бағындырып, Ұлы Моғолдар (Моңғолдар емес) империясын құрды. Осынау аса қуатты Ұлы Моғолдар империясы өз билігін XVIII ғ. ортасына дейін жүргізді.

Ендігі, оқырманың көкейінде тұрған «Түркі текті моғолдың тарихы неге тұңғыс – манжур тұқымына жататын «моңғол» жұртына телінді?» – деген сұраққа ойымыз бен көзқарасымызды да айта кетейік.

Менің ойымша бұл жағдаяттың тамыры тым тереңде, шамалап айтсақ сонау б.з. XI – XII ғ. басталатындай. Сенбесеңіз, зерттеуші ғалым М.Аджи кітабынан үзінді оқиық: « ... А начало всему положил В.Мономах, который 1116 году изьял Летопись



Несторову из Печерского монастыря и перевел ее свой придворный Выдубицкий монастырь, где текст попал к игумену Сильвестру. Он-то первым и «переписал» историю Руси. (Полынь половецкого поля. 46-бет). Міне, Ресейдің қолдан жасалған жалған тарихының қашан, қалай басталғанын тастағы таңбадай етіп көрсетіп тұр. Содан бері бұл үрдісті билеуші топтар жан-жақты жетілдіріп, жүйелеп қолдап отырған сыңайлы.

Біз енді көп сөзбай, хал-қадірімізше бергі XIX ғ. бастап тарқатып көрелік. Сол кезеңдегі «үндіеуропалық» көзқарастағылар адамзат қоғамындағы белгілі бір топты басқалардан артық көрсетіп, ол «Жаратушының пәрменімен болған» деген қисынсыз түсінікке әкелді. Бұл өз кезегінде «арийлікті», «атлантизм» т.б. тарихи даму барысында өзіндік ғылыми теориялары бар саланы бағытынан жаңылдырып, біржақты бұрмалап насихаттауға жол ашты. Оның бір көрінісі XX ғасырдың 30 – жылдарынан кейін билікке келіп «арийшілдікке» бой ұрған А.Гитлерлік фашистік Германияның тағдырын еске салсақ та жетіп қалар. Сөйтіп, XX ғасыр басында көптеген мемлекеттер билігіндегі саяси элиталар бұл идеяның жасампаздық қуатын жақсы сезініп, сыртқы саяси салада жан-жақты пайдалануға бет бұрған-ды.

Мәселен Патшалық Ресей біздің қазақ екенімізді біле тұра «киргиз» деп шекеден қарауының астарында да саяси қитұрқылық жатыр емес пе?! Осы империя билігін төңкеріспен тартып алған, XX ғ. басында «арийлік» идеология нәрінен сусындап үлгерген большевиктік Кеңес билігі коммунистік – интернационалдық насихатты бетперде етіп, ал, іс жүзінде ұлы орыстық шовинизмдік бағытты берік ұстанды. Бұл бағытты шарықтатып дамытуда ең үлкен кедергі – өткен ғасырларда «орыстың өзі боданы болған», жалпы славян тарихында, мәдениеті мен тілінде ажырамастай болып астасқан «түркілік ерекшеліктер» олардың көзіне күйік болды десек артық айтқандық емес. Ендігі ұлы орыстық «шовинизм» дертімен ауырған саясаткерлер аталмыш «түркілік ықпалдан» тазару үшін, оларды төмендетіп көрсету, тарихын, мәдениетін, тілін, дінін жою, бұрмалау, т.б. жүзеге асыру осы бір билеуші топтың ең басты міндеттерінің бірі болды. Бізге «аға» болған, мәдениет пен өркениет әкелген «ұлы орыс» халқының қолдан жасалған тарихы жайлы мына бір дерек менің тіпті жағамды ұстатты. Тағы да зерттеуші М. Аджидің кітабына жүгінейік:

«Славян в Древнем Киве у власти не было.

Об этом убедительнее свидетельствует и текст договора, заключенного 911 году между киевскими князьями и Византией. «Мы от роду Русского, Карл, Ингелот, Фарлов, Веремид, Рулав, Гуды, Рауль, Карн, Флелав, Рюар, Актутрунян, Лидулфост, Стемид...». Вот кто представлял Русь X века. «Имена первых русских людей варягов и их дружинников – почти все скандинавского происхождения» – отмечал В.О.Ключевский (1841-1911). Славяне у русов в X веке были и оставались «живым товаром» источником дохода: ими русы торговали на невольничьих рынках Византии и Востока. «... позже стараниями простодушных летописцев переделанные на славянский манер: Хельга стала – **Ольгой**, Ингвар – **Игорьем**, Вальдемар – **Владимиром**» (Полынь половецкого поля. 43-бет).

Иә, бұнда Шведтің Русь тайпасының тарихын Славяндық орыстардың өзіне аударып көшіріп алғаны байқалады. Демек, тәжірибе бар, неге оны «бұратана халықтарға» пайдаланбасқа? Сөйтіп, жауынгер Қазақ ұлтының тарихын Моңғолға аударып, тұтастай бір ұлтты тарихынан, мәдениетінен ада, мәңгірт жасау керек болды. Міне отаршылдық, құлдық саясаттың озбырлығы, құдайсыздар билік еткен Кеңес билігінің сұрқиялылығы.

Олардың негізгі мақсаты орыстардан әлдеқайда жоғары мәдениеті болған түркі тілді көшпелілердің – тілін, дінін және тарихын озбырлықпен кейінгі ұрпақ танымастай етіп өзгертуді басты нысана етіп алады. Себебі, бұл үрдіс Қызыл империяның біртектілігіне, орыс ұлтының тарихи тұрғыдағы «еуразиялық» ұстанымына қарама-қайшы болатын. Осы саланы қатаң күн тәртібінде ұстаған кеңестік саяси-идеологиялық билік 1940-шы жылдардың аяғынан бастап түркі халықтарының рухани мұрасына, батырлық жырлары мен тарихына шүйлігіп, қыспаққа алып, шектеуге ұшыратып, оның орнына танымастай болып бұрмаланған, қолдан жасалған жалған тарихты дәріптеуге жан аямай кірісті. Сөйтіп, Түркі текті ұлт пен ұлыстардың өткені мен рухани болмысына, тарихына Қызыл империя тарапынан кешірілмес күнә, орны толмас орасан қиянат жасалды. Мәселен, тарихшы ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде түркі руларының бәрін «моңғол» етіп көрсетті. Мысалы: «1206 ж. көктемде Өнен мұра (Іле) өзені бойында моғол тайпаларының құрылтайында Темучинді (Теміршын) ақ киізге көтеріп **хан** (хонтайшы емес) етіп жариялайды ...». Ол рулар: меркіт, керей, татар, найман т. б. Енді бұған не дейсіз?! Қайдағы «моңғол», бұлардың бәрі де, түркі рулары ғой. Ол аз десеңіз осы уақытқа дейін Ұлы қаған билік еткен ұлан-байтақ аумақтан бірде-бір моңғол тайпасының ізі де, дерегі де табылған жоқ.

Ал, әзіргі моңғолдар XIII – XVI ғасырлардағы жазылған тарихи мәліметтерді оқып та, түсіне де алмайды. Демек, Шыңғыс хан тарихының қазіргі Моңғолиямен ешқандай да байланысы жоқ! Солай бола тұрса да, «моңғол Шыңғысхан» әлемдік деңгейдегі ұзақ жылдарға созылған, күрмеуі қиын тарихи даудың негізгі өзегіне айналды. Соның бір көрінісі міне өзіңіз оқып отырған Түркі текті Моғол руы мен Шыңғысханның, одан бері келе қазақ ұлтының тарихына жасалған кешірілмес қиянаттың айшықты айғағының бір парасы осы.

Түркі текті Моғол мен Монғолдың (Халха) ара-жігін нақтылы деректермен талдадық, кейбір күңгірт тұстарын ашып, жан-жақты түсініктеме де бердік. Әрине, бұл тақырыпты бұдан да әрі анықтау, зерделеу, толықтыру қажет. Әрі соңғы нүктенің қойылуы тарихты зерттеушілердің еншісінде екендігінде дау жоқ.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
тарихшы, Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.



ӘБІЛХАН ӘЛЕМІ



Әбілхан Қастеев шығармаларына терең бойлау үшін Алматыдағы Мемлекеттік өнер музейінде болып, суретшінің еңбектерімен түпнұсқадан көріп танысу бір ғанибет. Жоғары талғаммен ілінген экспозиция көрінісі бекзат өнердің тылсым сырына жол ашады.

«Өнерді түсіну үшін өнер туралы білімің болсын» деген өте дұрыс қағида, онсыз қылқалам құдіретін түсіну қиынға соғады. Суретші қоршаған орта мен қоғамдағы құбылыстарға көзқарасын бояу тілімен баян етеді. Домбырашы өмір туралы толғанысын күймен, қос ішек үнімен жеткізсе, биші мың бұралған қимыл-қозғалыспен, әнші ән-әуез ырғағымен жеткізеді. Хас шебердің бояуы сиқырлы үйлесімімен көрерменін сезім тұңғығына тартады. Кенеп бетіне жағылған түйдек-түйдек бояу іздері үздіксіз қозғалыстағы өмір атты жарық дүниенің әсем сазды көрінісін, табиғат сұлулығын өзгеше көзбен, суретші көзімен саралап, өмір, адам, заман, қоғам жайлы ой түйеді. Заман алға дамып, адамзат ақыл-ойы қанша жетілгенмен, ғылым мен техника көкжиегі шырқау биікке көтерілгенмен суретші қылқаламы мен ақын сиясының құдіретін ешқандай күш ауыстыра алған жоқ. Ежелгі заманғы адамзат ақыл-ойының керемет туындысына таңырқай қарай беретіміз сондықтан.

Өнердің ұлы туындысын тот баспайды, керісінше, өмір алға жылжыған сайын құны арта түседі. Ұлы Абай мен Шоқанның, Пушкин мен Лермонтовтың ақ қағазға жазған сөзі қандай қымбат болса, Әбілхан Қастеевтің де әр салған суреті, қадірлі рухани қазынасы уақыт атты ұлы төрешінің сынынан мүдірмей өтті. Голланд суретшісі Рембранд ван Рейннің өмірі туралы көркем фильмдегі экскурсия жетекшісінің мына бір айтқан сөзі еске оралады: «Рембрандтың «Әулие Лука» картинасының құны күн сәулесімен пара-пар». Бұл өнерге деген аса биік талғамды көрсетеді. ...Немістің ұлы ақыны Гете өмірмен қоштасар сәтінде Париждегі Лувр мұражайындағы ежелгі дүние мүсіншісінің «Афродита Милосская» мүсінінен көз алмай ұзақ қарап отырып, көзіне жас алып кемсеңдеп жылаған. Мұның өзі бекзат өнердің хас туындыларына деген Еуропа жұртының құрметі деп түсінеміз. Бейнелеу өнерінің барлық жанрында қалам тербеген ұлы суретші шығармашылығына көз жүгіртіп көрейік.

Суретші табиғат-ананың өте бір көркем жері – Шешін өзенінің аңғары жағасында

дүниеге келген. Балалық, жастық шағы өткен асқар таулар, көкпен тілдескен зеңгір құз жартастар, биік беткейлердегі арша мен қарағайдың кілемдегі өрнектей тізілген сұлулығы болашақ суретші жүрегінің қылын шерткендей, өзіне тартып, баурағаны табиғи құбылыс десек, артық әсірелеу емес.

«Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, суретші шығармаларындағы көгілдір мұнарға шомылған Шақпақты тау жотасының жарықпен, көлеңкемен, күннің нұрымен көмкерілген, көз арбайтын мың сан бояулар қоспасынан тұратын көрінісін әсем әуезді музыкалық нотаға теңеуге болады. Қолындағы палитра деп аталатын жазық тақтайша бетінде бояу құрамын қалай іздеп таба қояды? Егер де осы әуезді бояу түстерінің бір нотасы түссе, фотосуреттен айырмасы болмас еді. Қас-қағым сәттегі бояу реңін жадында сақтап, сиқырлы түсті дәл орнына қоя білу де кез келген суретшінің қолынан келе бермейді. Суретті әркім-ақ салуы мүмкін, ал сыршыл суретші болу нағыз табиғи таланттың үлесіне тиесілі.

Әбілхан Қастеев салған суреттерге үңіле қараған өнер зерттеуші ғалымдар осы күнге дейін таңғалатын бір жұмбақ сыр бар. Тауда өскен қойшы бала Әбілханның сурет өнерінің терең иіріміне



академиялық дайындықсыз-ақ табиғи дарын қуатымен бойлауы тәнті етеді. Суретшілер тілімен айтқанда, «құдай берген талант, дарын құдіреті» деп түсінеміз.

Портрет жанры – ең күрделі саналатын қиын өнер. Бұл саладағы алғашқы талпынысын суретші өзінің бет-бейнесін бейнелеу арқылы: «Осы мен кіммін? Сурет өнеріне шынымен өз өмірімді бағыштай аламын ба?» деген сансыз сұрақ қоя отырып, «Автопортрет» туындысын жазған. Тұмағын баса киген, тесіле қараған көз жанары, қас-қабағы, кеберсіген ернін жымқыра қысып алыпты. Тура қарағандағы мұрын пішіні, сәл шығыңқы жақтың бітімі қайтпас-қайсар мінезді айтып тұрғандай, маңдайдағы сәл көтерілген тұмақ астындағы толқынды қос сызық тауқыметті өмір жолының қиындығын сездіреді. Суретші өзімен өзі сұхбаттасқандай әсер қалдырады. Қой көздері әрі нәзік, әрі ойлы, айтқан мақсатына жетпей қоймайтын қайсар жанның ұлы өнердің әліппесін ашар

сәттегі шамырқанған, өнер сапарына дайындық сәтін көреміз. Ұлы голланд суретшісі Винсент Ван Гог салған «Автопортрет» картинасы еске оралады. Көнетоз жарғақ тұмағын басына киген, сол құлағын ақ орамалмен қатты таңып байлаған, аузындағы темекі түтіні будақтаған, өмір қасіретін көп көрген азапты тағдырына наразылық ретінде салынған қасіретке толы осы бейнесімен қиындыққа төзімді жанның қайсар мінезін көрсеткен еді ғой. Екі ұлы суреткердің шығармаларындағы сәйкестікке таңданасың.

Әбілхан портрет жанрында психолог-суретші деңгейіне көтерілді. Осы асыл қасиеті кейінгі атақты портрет туындылары – «Амангелді Иманов», «Шоқан Уәлиханов», «Абай Құнанбаев» полотноларын жазуға негіз болды. Тұрмыстық жанр саласында туған халқының болмысын қаз-қалпында аса сүйіспеншілікпен бейнелеген оның, атап айтқанда, «Мектепке», «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Соңғы хабарлар», «Кенен Әзірбаев», т.б. картиналарындағы қарапайым ауыл адамдары, олардың жүріс-тұрысы, маңғазданған отырысы, күй тыңдаған сәттегі қимыл-қозғалысы әрі қызық, әрі езуге күлкі ұялатады.

Суретші персонаждарына сүйсіне қарайсың. Кенен атаның домбырамен

жота жолдар, терең шатқал, қызылкүрең құз, жар қабақтар, бір белестен соң тағы бір белес, түйе өркеш төбелер алма-кезек ауысып отырады. Сонау көз ұшындағы көгілдір мұнар сағым ішінен Іле Алатауы көк аспанмен астасып, көк мұнарға айналып, алыстан мен мұңдалайды. Көрермен көңілінде дәл осы сәт ұлы күйші Құрманғазының серпінге толы, тереңге толғайтын асқақ рухты «Алатау» күйін тыңдаған сәттегідей ерекше сезімге бөленесің. Суретші шығарманың көлеміне де аса мән берген. Биіктігі – 180 см, ені 120 см. монументалды картинаның әсер күші де ауқымды. Картинаның көк аспанмен тілдесер тұсы көрерменнің шалқайып қарауына, көк зеңгірдің шексіз кеңістігін түйсінуге мұрсат береді.

Суретшінің ең көп еңбек еткен саласы пейзаж жанры екендігі акварель бояуымен салынған суреттерінен айқын аңғарылады. Қолданылуы күрделі сулы бояу тілін шебер меңгергендігімен көрерменін тамсандырады. Өзінің туған ауылы Шешіннің әсем сұлулығын «Шешін өзенінің аңғарында» еңбегінде көрсетеді. Биік жарқабақтан еніске қарай түсе берістегі ұзыннан-ұзақ созылған тау жолы бірте-бірте шоқ терекке қарай созылып жатыр. Шешін өзенінің аңғары, қоңыр-қошқыл бұйра талдармен тұтасып, көз арбайды. Бірде тасып, бірде бәсеңдей ағатын өзен арнасындағы қойтастар ақшыл-бозғылт болып көрінеді. Өзеннің бергі жағасындағы саздаққа жайылған мал таулы өңірдің сәнін келтіріп тұр. «Жайлау көркі – мал» деген қазақ мақалы осындайда айтылса керек. Жол бойында кетіп бара жатқан адамдар бейнесі алыстан емес-емес байқалады. Басын қар басқан зеңгір таулар төкаппар өр мінезімен сұстана қарайды. Тау етегіндегі терең сайлар салаланып ерекше көрінеді. Сарғыш қоңырқай төбе қандай әсем еді. Бұл көрініске тамсанып та, таңғалып та қарай бересің... Таудан соққан самал жел, төбе беткейдегі бозғылт жусанның жұпар иісін сезінесің. Картинаның өн бойындағы бояу түстері суретшінің терең сезіміне құрылған, ішкі ойлы парасатын көрсетіп тұрғандай.

Осы орайда суретшінің замандасы Сахи Романовтың мына сөзі еріксіз еске оралады: «Әбілхан Қастеев өмірдің өзінен, «натурадан», бәрінен озды. Натура суретшіні тез өсіреді». Әбілхан ағаның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында суретші үйінде болған кезде Сақыш апамыз Әбекеңнің өмірінің соңғы кезіндегі салған, омырауы орден-медальға толы «Автопортретін» көрсетіп: «Суретшілер «бұл жақсы туынды екен» деп мақтады. Мен өзім бұл суретті қай кезде салғанын байқамаппын», – деп аса бір қимастықпен еске алып еді (...бір таңғаларлығы, осы сурет каталог кітаптарында, баспа беттерінде көрінбей-ақ келеді).

Көргенім мен білгенімнің бәрін қорыта келе, суретші шығармашылығы жайында мынандай ой түйдім: «Табиғи дарын мен қажымас еңбек өмірдің өзімен тоғысқанда ғана хас суреткер – шығармашылық адамы қалыптасады екен».

Ақан ОЙМАУЫТОВ,
Қазақстан Республикасының
Көркемсурет академиясының
академигі.
Панфилов ауданы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАИМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В
Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22
офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1632